

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және жою орындарын айқындау туралы" № 473 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 368 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 24 қазанда № 6046-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 қыркүйектегі "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және жою орындарын айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3981 болып тіркелген) № 473 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев